

Оміржан Г.М., Құлманова Г.А.

ШЕЛЕК ТОҒАН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТҰҚЫ (CARPIO) ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Шелек тоған шаруашылығында тұқы (Carpio) өсіру технологиясы, оның ішінде асылдандыру технологиясымен біржылдық қазақстандық тұқы шабақтарын өсіру технологиясы көрсетілген

Кілт сөздер: Шелек тоған шаруашылығы, Қазақстандық тұқы (Carpio) шабақтары, өсіру технологиясы, біржылдық шабақ.

Omirezhan G.M., Kulmanova G.A.

GROWING TECHNOLOGY OF KAZAKHSTAN CARP IN THE CHILIK POND FARM

Summary

The article describes the growing technology of kazakhstani carp in the Chilik pond farm.

Keywords: Chilik pond farm, carp fingerlings Kazakhstan (Carpio), growing technology, one-years.

ӘОЖ 619.615

Секебаева Б., Молдагулов М.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ВЕТЕРИНАРИЯ МАМАНДЫҒЫН МЕНГЕРУДЕГІ ЛАТЫН ТІЛІНІҢ ОРНЫ

Аңдатпа

Ветеринариялық терминдерді орнымен, түсінікті қолдану – өзекті мәселе! Себебі, ветеринария бағытындағы мамандықтарды меңгеруде латын тілінен шығып, дүние жүзі бойынша таралып, қолданылып жүрген терминдердің мағынасын дұрыс түсіне білмесе мамандықты дұрыс меңгере алмайды. Сондықтан, сында кеңінен таралған «Ветеринария» бағытындағы терминдердің мағынасын дұрыс түсіну керек. Сонда халқымыздың халықаралық қатынасындағы деңгейін тиісті дәрежеге жеткізуге болады.

Кілт сөздер: Ветеринария, ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария, терминдер, терминология, санитас, диагноз.

Кіріспе

Әр салада қызмет атқарып жүрген қазіргі зиялы мамандарымыз бен ғалымдарымыз өз мамандықтары бойынша қолданылатын терминдерді мағыналы, түсінікті, халықаралық деңгейге сәйкес келетіндей етуге ұсыныстар жасап іс жүзінде қолдандыра алса, осы мәселеге қатты көңіл бөліп мамандарымыздың ойынын шығатындай тұжырымға жеткізсе, әсіресе, қазіргі кредиттік технологиямен оқытуға көшкен кезде өте дұрыс болар еді. Себебі, кредиттік технологиямен оқытуда, студенттерге ұстаздардың берген тапсырмасы арқылы өз бетімен дайындалуға көп уақыт береді. Олар, дайындау барысында кейбір терминдердің мағынасын түсіне ала алмаса, сол бағытта түсінік ала алмайды да, сапалы дайындалмайды, өзіміздің басымыздан мектептерде, университеттерде, өтті ғой, жас

кезінде бір мәселенің, мағынасын алдымен жалпы түсінбесең, ары қарай игеріп кету қиынға түседі.

Материалдар мен әдістер

Студенттердің белсенділіктеріне байланысты кейбіреулері түсінбеген терминдердің мағынасын сұрауы да, сұрамауы да мүмкін, сондықтан ғой, олардың біреулері жақсы, біреулері орташа оқитындары.

Студенттер тұрмақ, кейде мамандардың өздерінің қолданып жүрген кейбір терминдері бірін-бірі түсінбей қалып жататындай жағдайлары да болып жатады.

Ал, терминдердің халықаралық деңгейге сәйкес келетіндей етіп дайындаған жөн деген себебім, кредиттік технологиясымен мамандар дайындағанда оқыту процесі халықаралық деңгейге ашық болуы керек, басқа халықтардың оқыту жүйесіне сыйымды болып студенттердің керек болған жағдайда бір оқу орнынан екінші оқу орындарын бітірген мамандардың дипломға қосымшалары Европа транскрипциясына сыйымды болулары керек.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Мысалы, біздің мамандығымызды «Малдәрігерлігі» де дейді, «Ветеринария» да дейді. Бұл мамандықты «Ветеринария» деп атаған дұрыс. Оған мынадай негіздер бар - малдәрігерлігі деген атау «Ветеринария» бағытындағы барлық саланы қамти алмайды. Ол, тек емдеу жағына ғана бағытталған.

Мысалы, осы бағытта 2 мамандық бар. Біреуін «Ветеринариялық медицина» дейді, екіншісін «Ветеринариялық санитария» дейді. «Ветеринариялық медицина» деген мамандық емдеу бағытындағы атқарылатын жұмыстар, ал «Ветеринариялық санитария» деген, латынның Санитас – Денсаулық деген сөзінен шыққан. Бұл бағытта денсаулықты қорғау үшін қарау, тексеру, қадағалау, тазалықты сақтау барысындағы жұмыстарды атқару. Міне, осы екі бағыттар малдәрігерлігі деген атауға сыймайды. Сондықтан, ресми түрде «Ветеринария» деген атау дұрыс та, орынды деп ойлаймыз.

Оның үстіне, Президентіміз Қазақстан Республикасының «Ветеринария» туралы деп аталатын заңын 2002 жылы бекіткен. Заңның осылай деп аталуын Президент деңгейіне шейін жеткізу үшін, осы бағыттағы мамандар ары жақ, бері жағын қатты ойланып ғылыми түрде негіздеген шығар.

«Ветеринария» деген атауы біздің эрамыздың І-ші ғасырында Римнің ғалымы Колумелла ұсынған, оның мағынасы – жануарларды емдеу бағытындағы ғылым деген сөз, ал малдәрігері деген 4-түлік малдарды емдеуге ғана қатынасы бар сияқты. Сондықтан ХХІ ғасырлар бойы дүние жүзіндегі халықтар арасында кеңінен таралып сіңген атауды қалдыру керек. Дүниенің қай жеріне барсаңда «Ветеринария» деген терминнің мағынасын түсінеді.

Құдай қалап, Мемлекетіміздің халықаралық деңгейдегі дәрежесі көтеріліп келе жатыр. Сонда, олармен тілдескенде «Ветеринария» деген сөзді аудармайақ мағынасын түсінуге болады.

Оның үстіне, осы, «Ветеринария» бағытында көптеген терминдер әлі дұрыс шешімдерін таба алмай келеді. Мысалы, диагнозды балау, анықтау деп атайтындар бар.

Халқымыздың арасында олай айтыла берсін, одан халқымыз ұтпаса ұтылмайды, себебі лексиконымыз көбейеді, бірақ ресми түрде «Диагноз» деп аталғаны дұрыс. Себебі бұл термин ғасырлар бойы аталынып әр халықтың лексиконына сіңген, қай жерде болмасын «Диагноз» деген атау бәріне түсінікті.

Тағы көптеген аурулар бар – халықаралық деңгейде және қазақша айтылатындар. Мысалы туберкулез, бруцеллез т.б. дейтін жұқпалы аурулар бар. Осылардың қазақша атауын көбісі түсінбейді, сондықтан халықаралық деңгейде туберкулез, бруцеллез атаулары қала бергені дұрыс деп ойлаймын.

Қорытынды

Әр бағыттағы қолданылатын терминдерді бір түрде айтып, жоғары оқу орындарында басқаша айтса түсінбестік басталады.

Сондықтан, әр салада қолданылатын терминдерді бір жүйеге келтірген халқымыздың халықаралық қатынастағы деңгейін тиісті дәрежеге жеткізуге негіз болар еді.

Терминдер туралы өзекті мәселелерді шешкізу үшін әр саладағы білімді, білікті, тәжірибесі мол мамандарды жинап, жалпы бір тұжырымға келтірген жөн болады.

Әдебиеттер

1. Данилевский В.М., Забалуев Г.И. Словарь ветеринарных терапевтических терминов. Москва, 1989 справочное издание 14 стр.
2. Заманбеков Н.А., Молдагулов М.А. латын ветеринариялық терминологиясы. Алматы 2008, әдістемелік нұсқаулар, 25 бет.
3. Молдагулов М.А. Латын тілі пәнінен әдістемелік нұсқаулар, Алматы, 2010. 25 бет.
4. Молдагулов М.А., Есходжаев Ө.К. жануарлар ішкі аурулары, Алматы, 2010, 2 том 700 бет.

Секебаева Б., Молдагулов М.А.

ЗНАЧЕНИЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ОСВОЕНИЯ ВЕТЕРИНАРНОЙ СПЕЦИАЛЬНОСТИ

Аннотация

При изучении ветеринарной специальности надо с пониманием освоить суть каждой ветеринарной терминологии. Это необходимо при общении между государствами.

Ключевые слова: Ветеринария, ветеринарная медицина, ветеринарная санитария, термины, терминология, санитас, диагноз.

Sekebaeva B., Moldagulov M.A.

FOUNDATIONS FOR VETERINARY SPECIAL MEANING OF THE LATIN LANGUAGE

Annotation

In the study of veterinary profession with the understanding necessary to learn the essence of each Veterinary terminology. This is necessary when communicating between states.

Keywords: veterinary, veterinary medicine, veterinary sanitation, terms, terminology, sanitas, diagnosis.